

Облыстық экологиялық-биологиялық орталығының ұйымдастыруымен, экологиялық заңнама талаптарының сақталуы, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қоғамның назарын аудару, экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында 2018 жылдың 20-шы қарашада «Экологиялық – биологиялық бағытындағы қосымша білім беру мекемелерінде оқушыларға экологиялық тәрбие берудің заманауи көзқарасы» тақырыбындағы облыстық семинар өткізілді. Семинарға 11 аудан, Орал қаласы, және облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп – интернаты, «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С. Сейфуллин атындағы № 11 облыстық қазақ мектеп интернат кешені», БҚО дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп – лицейі, облыстық есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп - интернат кешені, М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп – интернаты, және дарынды балаларға арналған мамандандырылған № 8 облыстық мектебінің әдіскерлері, қосымша білім беру педагогтері және биология пәні мұғалімдері қатынасты. Барлығы 28 педагог.

